аптальқ облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 21/457
27 мая 2016 года
газета издается с 26.06.2004 года

# 1 МАУСЫМ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ
# 1 ИЮНЯ – МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ

**Қымбатты балалар!**

Жадыраған жаздың алғашқы күнінде өздеріңнің төл мерекелерің — Балаларды қорғау күні де келіп қалды. Бұл күн — балалардың әрдайым қамқорлықта болуын, ал үлкендердің олар үшін жауапкершілікте болуын еске салатын күн. Сондықтан еліміздің ертеңгі тірегі болатын сендердің болашақтарыңды баянды ету біздің парыз. Бұл — сендер үшін ең маңызды күн. Өйткені, ол өздеріңнің еншілеріңе тиген төл мейрамдарың болып есептеледі. Ендеше, осындағы барлығыңызды мерекелеріңмен құттықтаймыз!

**Қадірменді қала тұрғындары!**

Балаларымыздың, тәрбиесі бесіктен басталатыны баршамызға аян. Мемлекетіміздің саясаты да алдымен балалардың дұрыс өсіп жетілуіне, тәрбиеленуіне үлкен көңіл бөлуде. Ол жұмыстардың барлығы бүлдіршіндеріміздің болашағы үшін. Сондықтан баршаңыз отбасында бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, оларды мейірімділікке тәрбиелеңіздер. Мұндай тәрбиенің біз үшін маңызы зор. Өйткені халықтар арасында бейбітшілікті берік ұстанған мемлекетіміздің осы бағыттағы абройы өте жоғары.

Ендеше балаларымыздың мерекесі құтты болсын! Әрбір отбасында балалар саны артып, еліміздің тұғырын биік ұстайтын бүлдіршіндеріміз өсе берсін!

**Құрметпен;**
**Қала әкімі Қ.Камзин**
**Мәслихат хатшысы Б.Сәрсембеков**

**Дорогие ребята!**

Примите самые теплые поздравления с замечательным праздником - Международным днем защиты детей!

Этот праздник приходится на первый день лета, когда природа щедро дарит солнечный свет и тепло, когда наступает радостная пора каникул. 1 июня – это не просто праздник, это еще одно напоминание об ответственности общества за судьбу каждого ребенка.

**Уважаемые жители города!**

Мы, взрослые, должны постараться, чтобы дети нашего города росли в атмосфере любви, заботы и понимания, чтобы они стали умными, здоровыми и по-настоящему счастливыми, мы должны помочь им поверить в свои силы, дать возможность реализовать свои таланты.

От всей души желаем Вам радости познания мира, бодрости и здоровья, хорошего летнего отдыха!

Пусть у вас будет много счастливых дней!

Пусть в каждом доме звучит детский смех и сияют улыбки!

**С уважением;**
**Аким города К.Камзин**
**Секретарь маслихата Б.Сарсембеков**

## БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ ОШАҒЫ

Балаларды қорғау күні жаздың алғашқы айында – 1-маусымда тойланады. Барлық балалар осы мейрамды жақсы көреді және асыға күтеді. Осы күннің басты мақсаты – планетамыздың ең кішкентай тұрғындарының мүдделері мен құқықтарын қорғау, өйткені оларды ренжіту және оларға қауіп төндіру оңай. Балалар әлемнің көптеген елінде қайғы-қасіретке душар болады, сондықтан қоғамның осы мәселені қарастыруы және балаларды ересектердің қателігінен қорғап қалуы өте маңызды. Өсіп келе жатқан ұрпақтың дамуына және рухани ағартушылығына қолдау көрсету, сонымен бірге олардың өмірін жарқын және қызықты ету керек. Балалар біздің болашағымыз.

Біздің қаламызда бүлдіршіндердің алаңсыз тәрбиеленуіне оңтайлы жағдай жасалған. Бүгінде қала бойынша алты балабақша жұмыс істейді. Соның бірі 2011-жылдың қазан айында Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының» жанынан ашылған «Еркетай» шағын орталығы. Мектепке дейінгі шағын орталықтың жұмысын ұйымдастыру туралы №89/1 бұйрық шығарылып, оның жұмысы нормативті-құқықтық құжаттар негізінде жүргізілуде. Шағын орталықта 4 топ жасақталған және сағат таңғы 07.30-дан кешкі 19.30-ға дейін жұмыс істейді. Барлығы 100 бала тәрбиеленуге арналған. «Балапан», «Күншуақ», «Жұлдыз» және «Құлыншақ» топтарында 2015-2016-жылғы І-тоқсан мен ІV-тоқсан аралығында 100-ден 85-ке дейін бала тәрбиеленді. Топтарда қазақ балаларынан өзге – орыс, украин, әзірбайжан ұлттарының балаларынан сегіз бала тәрбие алуда.

Шағын орталықтың материалдық базасы балалардың тиянақты тәрбиленуіне арналып жаңа да, заманауй жиһаздармен, тұрмыстық құралдармен жабдықталған. Қазіргі кезде шағын орталық кажетті кадрлармен толық қамтылған. Мұндағы қызметкерлердің жалпы саны 23 болса, жай қызметкерлер құрамы 11. Балаларға қызмет көрсететін педагогтардың еңбек өтілі 2-11 жыл аралығын құрайды. 1-психолог, 1-ағылшын тілі пәні мұғалімі, 8 тәрбиеші осындағы бүлдіршіндердің алаңсыз және тиянақты тәрбие алып, алғашқы білім нәрімен сусындауы үшін аянбай қызмет етуде.

Шағын орталықтың материалдық базасы күннен-күнге жақсарып, топ бөлмелері мен дәлізderге жаңадан стендтер орнатылуда. Жылу, ауа, жарық жүйелерімен толық қамтамасыз етілген. Барлық топтар ақпараттары бар стендтермен, жиһаздармен, ойыншықтармен, оқу құралдарымен қамтылған. Материалдық-техникалық база жеткілікті әдістемелік деңгейдегі оқу іс-әрекеттерін жүргізуге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі шағын орталық 2-5 жас аралығында дамытушы орталық негізінде құрылған. Күн тәртібі тәрбиеленушілердің психологиялық және жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылған. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін оқыту, ұйықтау, 4 мезгіл тамақтандыру, қыдырту, ойнату балалардың жақсы дамуына әсер етеді. Топтарда табиғат бұрышы, қазақұлттық бұрышы, көркемдік-эстетикалық, ойлау, сөйлеу орталықтары безендірілген. Тәрбиешілер топтарда жайлы жағдай жасауға тырысады. Олар өз жұмыстарында «Зерек бала» бағдарламаларына басшылық етеді. Оқу жылының басында шағын орталықтың жылдық жұмыс жоспары құрылады. Онда педагогтардың педагогикалық шеберліктерін жоғарылатуға бағытталған мерекелік іс-шаралар, ашық сабақтар, семинарлар, кеңестер, педагогикалық кеңестер жазылған. Оқыту процесінде тәрбиелеушілер балаларды туған елдің табиға-тымен, үлкендердің еңбегімен, еліміздің маңызды күндерімен таныстырады, Отанға деген сүйіспен-шілікке тәрбиелейді.




Тәрбиеші төмендегі көрсетілген міндеттері бойынша жұмыс істейді: Баланың денсаулығы мен психологиялық жағдайын жасау; танымдық қабілетін дамыту; шығармашылық қабілетін дамыту; шығармашылық қиялын дамыту; коммуникативті дағдыларын дамыту. Оқу жылының басында құрылған жұмыс жоспары бойынша педагогтардың педагогикалық шеберліктерін жоғарылатуға бағытталған мерекелік іс-шаралар, кеңестер, педагогикалық кеңестер қарастырылған. Ата-аналармен жұмыс бойынша жоспарлар жасалады және ата-аналар жиналысы өткізіледі. Оқу жылының соңында шағын орталықтың барлық топтарының ата-аналарына жиналыс өткізу жоспарлануда, жазғы сауықтыру кезеңіне мерекелік іс-шаралардың жоспары құрылған.

Қазан айында шағын орталықта жаңа оқу жылына сәйкес «Алтын күз» ертеңгілігі өткізіліпті. Күз мезгіліне байланысты қараша айында «Күз сыйы» тақырыбында әр топта балалармен бірге күзгі жапырақтардан гербарий жасалған. Күз мезгіліне орай ата-аналармен бірге «Алтын қолды ата-аналар» көрмесі ұйымдастырылған. Желтоқсан айында барлық топтар бірігіп «Тәуелсіздік тұғыры» атты ертеңгілік өткеріпті. Жаңа жыл қарсаңында «Қош келдің Жаңа жыл!» атты әр топта ертеңгіліктер, қыс мезгіліне байланысты қаңтар айында балалардың өздері салған «Аязды өрнектер» көрмесі, ақпан айында өнерлі балалар арасында «Айгөлек» атты сауық кеші ұйымдастырылыпты. 8-наурыз Халықаралық аналар мерекесіне арналған «Айналайын анашым» атты ертеңгілік, «Асыл аналар мен әжелерге сыйлаймын» атты көрме, Ұлыстың ұлы күніне арналып «Қош келдің Наурыз!» атты ертеңгілік өткен. Балалар өлең, тақпақтарын айтып, қазақтың салт-дәстүрлерін көрсеткен. Ертеңгілік соңында Ұлыстың ұлы күніне арналып жасалған наурыз көжеден дәм татқан. Мамыр айында барлық топтар бірігіп «1-мамыр халықтар достығы күні» атты ертеңгілік өткерген. Шағын орталықтағы өзге ұлт өкілдері әр тілде тақпақтар мен ән айтып, би билеген. Ұлы жеңістің 71 жылдығына байланысты «Отан үшін от кешкен аталар, соған ұқсап бақ» атты ертеңгілік өткізіліп, балалар ертеңгілікке толық қатысқан және өз өнерлерін көрсеткен. Биылғы мектеп табалдырығын аттағалы отырған бүлдіршіндерімізге арнап «Мен мектепке барамын!» атты ертеңгілік те қызықты өтіпті.

Елімізде балаларды қорғау мен олардың тыңғылықты тәрбие және терең білім алуына барынша жағдай жасалуда. Мемлекеттің болашақ құрушыларына қалтқысыз қызмет етудің бар тетіктері мейлінше қолданылуда. Бұл ізгілікті іс біздің қаламыздағы балалар мекемелерінде де жалғасын тауып жатқандығынан жоғарыда баяндалған деректерден байқауға болады. Бүлдіршіндерімізді «Балаларды қорғаудың халықаралық күні» мерекелерімен құттықтап, зор денсаулық, бейбіт аспан, жарқын болашақ тілейміз біз де өз тарапымыздан!

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

*Мемлекеттігіміздің тұғырлы тіректері*

## ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ ТАҢДАУЫ

Бүгін міне, Қазақстан әлемнің төрт бұрышына түгел мәшһүр, ұлттық мемлекеттілікке тән барлық қадір-қасиеті мен рәміздерін қамтамасыз еткен мемлекет. Саяси егемендігіміздің іргетасы экономикалық жетістіктермен бекітілуде. Әлеумет әлденуде. Керуен жүріп, көш түзелуде. Ұлтаралық татулық пен халықтар достығы саяси тұрақтылығымыздың мәуелі мәйегіне айналып отыр. Тіліміз бен дініміз, мәдениетіміз бен әдебиетіміз жанданып, жаңарып жатыр. Егемендігіміз баянды, Тәуелсіздігіміз табанды болған, сөйтіп алдымызға ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламалар қойып, жүзеге асыру жолында күні-түні еңбектеніп жатқан, ұлтымыздың рухани қуатын, қайыспайтын қара нардай қайратын, арыс алдаспандай сенім мен жігерін желдің жүзіне суарып, шыңдап жатқан осынау кезеңі – сол Ұлттық мемлекеттілік идеясының ғасырлар бойғы рухани күресінің заңды жемісі де, тарих алдындағы жеңісі де! Осы тұрғыдан келгенде Елбасы Жолдауының күн тәртібіне дер кезінде әрі өте орынды шығарылғаны еш күмән туғызбайды.

Жаһандық күрделі үдерістер, әлемдік геосаяси және геоэкономикалық дағдарыстар, дүниежүзілік беймаза әлеуметтік, мәдени және діни ахуал – осының барлығы адамзат алдына шырмауы шым-шытырық мәселелер тудыруда. Қазіргідей көзді ашып-жұмғанша ертеңі кешегіге айналатын заманда жайбасарлық жақсы нышан емес. Сондықтан да болар, Жолдаудың мұнша жылдам болғарын ешкім де болжап-білмей қалғаны. Оның үстіне әңгіме ел мен жер үшін, Ұлттық мемлекеттілік пен ұлт үшін аса өзекті міндет пен мақсаттар төңірегінде қозғалып отыр. Ұлттық мемлекеттігіміздің халықаралық абыройын әспеттейтін ЭКСПО-2017 кешеніне, көліктік-логистикалық, индустриялық энергетикалық және тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайтып, одан әрі қарай дамытуда. Батыс пен Шығысты жалғап, екі дүниенің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани байланыстарының күре тамыры болған Ұлы Жібек жолы өтетін Қазақстан үшін жол, транспорттық логистика мәселелері ерекше маңызға ие.

Айналып келгенде, аталмыш әлеуметтік-экономикалық салалардың баршасы – мемлекеттің, Ұлттық мемлекеттігіміздің тұғырлы тіректері. Олардың әрбірі – Қазақ мемлекеттігінің әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру жолындағы ауқымды да абыройлы қадамдары. Жетістік - кеңесе білген жерде, бірлік пен тірлік бар жерде. Солай болғанда ғана Елбасы өз Жолдауында атап көрсеткендей Жалпыұлттық идея - қазақтың Ұлттық Шаңырағы – Қазақстан құт пен берекенің, ынтымақ пен ырыстың ошағына айналмақ!

**Приозерск қаласының**
**Әділет басқармасы**

Приозерский вестник





# СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ АЛТАНАТЫ
## (репортаж)

Әр жылы мектептердегі ұстаздар қауымы мен оқушылар «Алғашқы қоңырауды» қандай қуанышпен күтіп алса, «Соңғы қоңырауды» да сондай көтеріңкі көңіл-күймен күтіп алары сөзсіз. Бұл күн әсіресе мектеп бітірушілер



үшін шынымен де шәкірттік өмірлеріндегі қоңыраудың соңғы сыңғырын еститін, көңілдерді қобалжытатын сәттері болып мәңгілік естерінде қалмақ. Төртінші сынып оқушылары болса жоғарғы сыныпқа көшеді. Өткен сәрсенбінің сәтті күнінің азанғылық мерзімінде аспан алабұлттанып, көл тараптан көктемнің соңғы айның салқын желі есіп тұрды. Қаладағы № 2 мектеп оқушылары мен ұстаздары салтанатты жиын өтерден әлдеқайда бұрын жиналып алды. Бұл күн жалпы мектеп ұжымы үшін де мерекелік шақ болатын. Мекелік шара басталғанға дейін алаңдағы түрлі-түсті шарлармен безендірілген мінберде мектеп туралы ән шырқалып, ата-аналар да жиналып, бір-бірлерін мерекемен құттықтап жатты. Аталмыш мектеп үшін бұл күннің тағы бір маңыздысы, 2008-жылы қазақ сыныбына барған оқушылардың биыл тоғызыншы сыныпты бітіруі еді.





Сағат тілі 9.00-ге жақындап қалғанда салтанатты жиынның құрметті қонақтары – қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембековтерді қала әкімінің орынбасары Ботогөз Қазиева, білім бөлімінің басшысы Гуля Қасымова және мектеп директоры Қарлығаш Алтынбековалар күтіп алды. Салтанатты жиынды ашық деп жариялаған соң еліміздің әнұраны орындалды. Алғашқы құттықтау сөз қала әкімі Қ.А.Камзинге берілді. Әкім мектеп ұстаздарын, оқушылар мен бітірушілерді, ата-аналарды соңғы қоңырау мерекелерімен құттықтап, мектеп бітіріп жатқан түлек-терге ізгі тілегін арнады. Салтанатты жиынға қатысушыларды мектеп директоры Қ.С.Алтынбекова құттықтап, 2015-2016-оқу жылындағы атқарылған жұмыстар, жеткен жетістіктер мен кеткен кемшіліктер жайында қысқаша баяндап, мектептен алғаш түлеп ұшқалы отырған 9-сынып оқушыларын айрықша құттықтады. Бұдан кейін мектеп директорының марапаттау туралы бұйрығын оқу ісінің меңгерушісі Анастасия Демидова оқып, мектептің үздік оқушыларына алғыс хаттар табыс етілді. 4-сынып бірірушілері 9-сыныпты бітіріп жатқан аға-апаларына өздерінің жүрекжарды тлектерін жыр шумақтары арқылы жеткізді. Өз кезегінде бітіруші түлектер топ болып ортаға шығып билеп берді. 5-сынып оқушыларынынан құралған хор ұжымы әсем әнмен тарту жасады. Бітіруші түлектер алтын ұя мектебі мен ұстаздарына аранған тілектерін жырмен жеткізді. 6-сынып оқушылары да өздерінің құттықтауларын әуенмен білдіруді жөн көрді.

Мектеп бітіруші түлектердің мектеппен қоштасу сәтіне бағышталған «Школьный вальс» би көрінісі жиналғандарға ерекше әсер қалдырғаны анық. Кезек «Соңғы қоңырау» соғу салтанатына беріліп, қоңырау соғу құрметі 9 «г» сыныбы түлегі Исламбек Қонысбаев пен 9 «б» сынып түлегі Сабина Хазигалиеваға бұйырды. Бір қатарға сап түзеген бітіруші түлектердің орындауында мектеп әнұраны шырқалған соң қалыптасқан дәстүр бойынша, түлектер балалықпен қоштасу белгісі ретінде, арман-мақсаттары мен тілектері орындалсын деген зор үмітпен әуеге «арман-шарларын» ұшырды. Ортаға шыққан түлектер барлығы қосылып мектебіне, ұстаздарына деген алғыс-тілектерін хормен жеткізді.

Ұстаздардың, түлектер мен шәкірттердің және ата-аналардың көңілді әрі толқулы сәттеріне толы болған «Соңғы қоңырау» салтанаты өз деңгейінде, жақсы ұйымдастырылған жағдайда өтті. Бұл керемет сәттің көпшіліктің естерінде ұзақ уақыт сақталары сөзсіз!.. Биыл мектептің 55 жылдық мерейтойы аталып өтті, еліміз Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерейлі мерекесі, Қарағанды облысының 80 жылдық, қаламыздың 60 жылдық мерейтойлары аталып өтетін мерекелі жыл болып отырған кездегі бұл салтанаттың қала тарихының қоржынында сақталары хақ. Салтанатты жиын өтіп жатқанда жауған жауынды жиылғандардың жақсы ырымға жорып, «Алланың нұры жауды» деп жатқанына өзгелер «Әумин!» деп бет сипасты. Көңілді жұрт арасында құйып берген жаңбырды да елемей, салтанатты жиын өз қалпымен жалғасын тапты.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
***газеттің арнаулы тілшісі***



# ПРОЩАНИЕ СО ШКОЛОЙ

**Майским утром, на площади у гарнизонного дома офицеров прошел праздник «Последний звонок». Выпускники-девятиклассники попрощались со своей родной школой №2.**



Последний звонок для девятиклассников совпал с 55 летним юбилеем старейшей средней школой №2 города Приозерска, в настоящее время официально называемой Коммунальным государственным учреждением. За свою многолетнюю историю, ведущую отчет со второй середины XX-века, школа выпустила из своих стен великое множество выпускников. Дала базовые знания не одной тысяче человек. Для каждого из них доброй памятью и ностальгическими чувствами в сердцах будут откликаться воспоминания о годах учебы в любимой школе и, ставших родными, педагогах.

С праздничным событием выпускников пришли поздравить высокие гости, в лице акима Приозерска Кайрата Камзина, секретаря городского маслихата Бекзата Сарсенбекова, заместителя акима Казиевой Ботагоз Ануаровны, также руководителя городского отдела образования, представителя правоохранительных органов Алии Курмангожиной. Руководство школы, возглавляемое директором КГУ Карлыгаш Алтынбековой, вручило похвальные грамоты отличникам, а их оказалось 99 человек (!) Своим выступлением на сцене, в честь торжественного



события, отметился сводный хор пятиклассников (а после праздника, вся детвора Приозерска пела их песни во дворах своих домов!).

После недолгой вступительной части, состоящей из пожеланий счастливой будущей жизни выпускникам, началось основное действо, подготовленное и тщательно отрепетированное учениками школы и собственно героями праздника – выпускниками девятых классов.

Торжественно, попарно, держась за руки, выпускники прошлись по площади. Всего четыре девятых клас-са, 71 ученик. Девушки в красивых вечерних платьях, а юноши - в цвет платьям рубахах с бабочками. Под зажигательную музыку они исполнили групповой танец, который назвали флэш-мобом.

Очень впечатлило зрителей выступление юных инспекторов дорожного движения ЮИДД. Одетые в красивое форменное обмундирование, в беретах и аксельбантах, ребята продемонстрировали присутствующим своё умение четкого строевого шага. Их мастерство отметили военные - представители войсковой части ВС РК № 44841. Юные инспекторы выполнили свою программу выступления и также четко, почти по военному удалились по своим юным дорожным делам. Вслед за ними наступила очередь четвероклассников. Они читали стихи, которые зрители встречали рукоплесканиями…

Свою лепту в праздник решила внести и погода, в середине представления благословив присутствующих тёплым весенним дождём. Но вот и он быстро закончился, не испортив праздничного настроения. Никто из участников праздника и зрителей не покинул площади.

Акимат Приозерска особо отметил отличившихся преподавателей школы и вручил Пернигуль Ержановой и Жанар Баймanасовой денежные премии за личный вклад в общеобразовательный процесс.

Под занавес праздника девятиклассники исполнили вальс. Кружась в танце, каждый из них наверное думал о своем будущем, о том, что их ждет в дальнейшем. Многие из выпускников собираются продолжить образование в колледжах Караганды и Балхаша. Избрав основными направлениями для учебы – медицинский и педагогический колледжи, а также технические обра-зовательные учреждения. Несколько выпускников поедут в Алматы поступать в военные училища нашей республики.

Вот и завершается праздник «Последнего звонка». Летят в небеса разноцветные гелиевые шары и стаи голубей, символизируя открытие всех жизненных дорог для юношей и девушек Приозерска, обозначая новый этап жизненного пути, который начался для них с окончанием родной школы. Успехов вам дорогие выпускники и достижения намеченных целей!



**Анатолий Имамбеков**
***Фото, Елены Пронягиной***



## СЦК ИНФОРМИРУЕТ

# КАЗАХСТАНСКАЯ МОЛОДЕЖЬ О ПЕРСПЕКТИВАХ ТРЕХЯЗЫЧЬЯ

**26 мая 2016 года в Службе центральных коммуникаций при Президенте Республики Казахстан состоялся брифинг на тему: «Прогрессивная молодежь выступила в защиту преподавания на трех языках. Ключевые ориентиры развития молодежи в Казахстане».**

В ходе брифинга выступили Айдын Сабитов от «Конгресса молодежи Казахстана», Александр Тен от «Единой детско-юношеской организации «Жас Ұлан», Эрик Сагиев от Ассоциации предпринимателей г. Астана «Сары-Арка», Мержан Абылкас от «Альянса студентов Казахстана» и молодой преподаватель физики Казахско-турецкого лицея Асет Кабдиев.

Айдын Сабитов рассказал СМИ об обращении, инициированном ОЮЛ «Конгресс молодежи Казахстана». Идея обращения родилась у молодежи после выхода в свет негативных материалов об изменениях в сфере образования и науки.

Обращение в поддержку введения преподавания на трех языках в школах и вузах страны подписало более 300 тысяч казахстанцев. Под обращением подписались Конгресс молодежи Казахстана, Республиканский штаб молодежных трудовых отрядов "Жасыл ел", Ассоциация стипендиатов "Болашак" и многие другие.

"Не обязательно быть министрами или учеными, чтобы осознавать огромную важность знания в наше время международного английского языка. Это понимает каждый молодой гражданин Казахстана! Как и то, какие перспективы открывает владение термя языками. Новому поколению строить будущее Казахстана, и нам небезразлично чему и как учиться сегодня, чтобы завтра быть на одном уровне с передовой современной молодежью мира!" - говорится в обращении.

При этом, как отметил Айдын Сабитов, «молодые люди понимают опасения старшего поколения и многих родителей. Они боятся, что дети не успеют освоить всю программу, что забудут государственный язык. Но мы лично уверены, что у подрастающего поколения все получится. Мы боимся другого, мы боимся, что отстанем от развития всего мира».

Конгресс молодежи Казахстана - это Республиканская молодежная организация, созданная в 2002 году по инициативе Главы государства – Н.А.Назарбаева. Это - самая крупная сеть молодежных организаций страны, объединяющая более 100 молодежных объединений.

Позицию молодых предпринимателей на брифинге выразил Эрик Сагиев. «Я вынужден платить зарубежным специалистам только за знание языка. Хотя с удовольствием принял бы молодых казахстанцев», - заявил Эрик Сагиев.

Мержан Абылкас возглавляет Альянс студентов Казахстана, на данный момент самую крупную студенческую организацию Казахстана, основанную в 2005 году по инициативе активных студентов. Миссией организации является создание условий для эффективной реализации интеллектуального, творческого, духовного, инновационного потенциала студенческой молодежи Республики Казахстан. Во время брифинга Мержан Абылкас высказал предложение от имени молодежи: «Нужно привлекать для работы сельской местности молодых людей, отучившихся за рубежом по «Болашаку». И не просто работали в селах, но и сделали свой вклад в развитие региона, привлекли туда инвестиции».

Асет Кабдиев, преподаватель физики в КТЛ города Астаны, выступил на брифинге от лица молодых учителей Казахстана. Спикер, опираясь на свой практический опыт, рассказал о трудностях, возникающих в обучении казахстанских школьников, не владеющих английским языком. «Казахоязычным школьникам не на что надеяться на международных олимпиадах. У нас есть юные гении физики, которые владеют только казахским языком, но проблема в том, что задачи международных олимпиад готовятся на английском языке и переводятся только на русский. Соответственно, казахоязычные ребята проигрывают на таких соревнованиях просто по причине непонимания задач».

Александр Тен в своем выступлении подчеркнул и на своем примере продемонстрировал важность изучения и развития государственного языка.

«Подрастающему поколению нужно дать доступ к достижениям мировой науки, нужно развивать международный динамичный опыт. Указанная реформа предоставляет равные возможности молодежи, обучающейся в сельской и городской местности. Будет расширяться сфера знаний ребят, владеющих языком», - сказал Александр.

# ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

**23-24 мая помощник Президента – Секретарь Совета Безопасности Республики Казахстан Нурлан Ермекбаев принял участие в VII-й международной встрече высоких представителей, курирующих вопросы безопасности.**

Данное мероприятие проводится по инициативе Совета Безопасности России в столице Чеченской Республики – городе Грозный с участием представителей около 80 государств и международных организаций.

В повестку дня встречи были включены вопросы развития международного сотрудничества по противодействию международному терроризму и религиозному экстремизму, нелегальной миграции, а также мер, принимаемых на международном и национальном уровнях по обеспечению информационной безопасности.

В выступлении руководителя казахстанской делегации был сделан акцент на важности международного продвижения инициатив Главы нашего государства, выдвинутых в сентябре 2015 года на Саммите ООН по противодействию насильственному экстремизму. Была подчеркнута необходимость взвешенного освещения в СМИ тематики терроризма и экстремизма, не допуская излишней романтизации и героизации радикальных деятелей.

В ходе пребывания в Грозном Н.Ермекбаев провел переговоры с исполняющим обязанности Главы Чеченской Республики Рамзаном Кадыровым, Секретарем Совета Безопасности РФ Николаем Патрушевым.

Также был проведен ряд рабочих встреч с руководителями делегаций государств, участвовавших в мероприятии, в том числе, с членом Политбюро – секретарем Политико-юридической комиссии ЦК Компартии КНР Мэн Цзяньчжу, советником Президента Исламской Республики Афганистан по национальной безопасности – главой Совета национальной безопасности ИРА Мохаммадом Ханифом Атмаром и др.

*Легализация*

# МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ БОЙЫНША ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР

**2015 жылғы 29 қарашада 2015 жылғы 13 қарашадағы № 400-V Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілді, ол Заңмен мүлікті жария ету бойынша жүргізілетін акцияның талаптарына өзгерістер енгізілді.**

Өзгерістер жария ету рәсімдерін елеулі дәрежеде оңтайландырады, сондай-ақ жария ету субъектілері үшін қосымша кепілдіктер енгізеді.

Мәселен, мүлікті жария ету бойынша акция жүргізу мерзімдері 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

Әкімдіктердің жанындағы комиссияларда иелену құқығы тиісінше рәсімделген Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлік жария етіледі. Қазақстан Республикасының аумағындағы, сондай-ақ одан тысқары жерлердегі өзге мүлік тұрғылықты жері бойынша не мүліктің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органына арнайы декларация ұсыну жолымен жария етіледі.

Жария етілетін мүліктің құнынан 10% мөлшердегі алымның Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан мүлікке қатысты ғана төленетіні туралы норма сақталды. Бұл ретте шетелде орналасқан, сенімгерлік басқаруға берілген мүлікті (траст) жария ету мүмкіндігі қосымша ұсынылған.

Сонымен қатар, өзгерістер енгізілгенге дейін шетелде орналасқан жария етілген мүлікті сату кезінде 10% алым төленетін еді, бұл ретте сату құнына толық көлемде табыс салығы салынатын. Енгізілген түзетулермен шетелдегі жария етілген мүлікті сату кезінде қосарланған салық салу жойылған.

Атап айтқанда, жария ету рәсімі мемлекеттік кірістер органына декларация беру жолымен бұрын тіркелмеген мүлікті (ғимараттар, құрылыстар және т.с.с.) тіркеуге не оңтайландырылған тәртіппен тіркеу деректерін (жер телімінің мақсаты және т.с.с.) өзгертуге мүмкіндік береді. Жария етілген ақша мен мүлік салық салу мақсаттары үшін кіріс болып танылмайды және тиісінше табыс салығы салынбайды.

**Дүйсенов Б.Т.,**
***Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқарма басшысы***

*Мемлекеттік тіл – тірегім*

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУДЫҢ БІР САЛАСЫ – ОНОМАСТИКА

Ономастика атаулардың шығу, қалыптасу жайын тексереді. Ол зерттеу нысанына қарай топонимика, антропонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика, теонимика, фитонимика секілді түрлерге бөлінеді. Топонимика географиялық атауларды зерттесе, антропонимика кісінің аты-жөнін, тегін, лақап, бүркеншік есімдерін қарастырады. Қазақ тіліндегі әйел есімдері гүл, күн, ай, сұлулық, асыл тастармен байланысты болса, ерлер есімі батыр, бек, би, құл, мырза, хан сөздерімен, сан есімдермен біріксе келуімен ерекшеленеді. Араб, парсы тілдерінен енген есімдер де (Жамал – сұлу, Абдолла – құдайдың құлы, Нәзипа – таза, пәк) кездеседі. Этнонимика ел, ру аттарын, астронимика (космонимика) аспан әлемі, жұлдыз, планета атауларын, зоонимика жануар, фитонимика өсімдік, теонимика құдай аттарын, рухтар мен мифтік түсініктерге байланысты атауларды тексереді.

Ономастика негізінен халықтың этнографиясымен тығыз байланысты қаралып, басқа халықтармен жүргізген тарихи, мәдени қарым-қатынастың сыр-сипатын танытады. Ономастика қазақ тілінде ғылым ретінде соңғы 20 жыл ішінде дами бастады. Жер, су атаулары біздің тарихымыздың айғағы. Өткеннің ізі сайрап жатқан жеріміз талай заманның жаңғырығын осы атаулар арқылы бізге жеткізгені анық. Бүгінде егемен ел болып, қабырғамыз қатайған кезде сол жоғымызды іздей бастадық. Дәлірек айтқанда, ел болып ата-бабамыздан қалған тарихи топонимикамызды қайта қалпына келтіру ісіне кірісуді бастадық.

Ұлттық ономастиканы дамыту олардың нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуімен тікелей байланысты екені сөзсіз. Қазіргі кезде ономастикалық жұмыстың нормативтік құқықтық базасын тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында дайындалып, бекітілген нормативтік құжаттар құрап отыр. Еліміз тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы жағдаймен қазіргі жағдай бірдей емес. Үкіметтің 2005-жылғы 21-қаңтардағы № 45 қаулысымен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы» да өз қызметінің шегіне жетті деп айтуға болады. Сөздің тоқетері, ономастика саласындағы түйткілді мәселелердің шешімін табуға оң ықпал ететін, осы салада мол тәжірибе жинаған елдердің үлгісіне сүйеніп дайындалған «Қазақстан Республикасының ономастика туралы» жаңа заңы қажет.

Ономастиканың құрамдас бөлігі болып саналатын көше атауларын ретке келтіру де қоғамның назарынан тыс қалған емес. Елбасының тікелей бақылауындағы «электронды үкімет» ақпараттық бағдарламасын енгізіп, толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екені сөзсіз. Осы бағыттағы ономастика саласы бойынша басты міндеттердің бірі – «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін ұйымдастыру. Бұл мәселеде біздің қаламызда атқарылып жатқан бірқатар жұмыстар бар екенін айта кеткеніміз абзал. Қаламызда барлығы болып 34 көше бар. Кеңестік дәуірде Приозерск қаласы негізінен ресейліктер тұратын жабық қала болып, көшелерінің атауы 100 пайыз орыс тілінде аталған. Негізгі орталық 7 (20,5 %) көшесінің, 2 мектептің атаулары 2011-жылға дейін қазақша атауларға ауыстырылды. Одан кейін мораторий жарияланып, көше аттарын ауыстыру уақытша тоқтатылды. Қазіргі уақытта да мораторий жалғасуда. Бұл шара аяқталған соң тағы басқа да көшелер атауларын ауыстыруға бағытталған жоспарлар бар екен. Бүгінгі күнге дейін тұрғындардан атауларды моральді тұрғыдан ескірген 10 көшені қайта атау бойынша ұсыныстар келіп түскен. Мораторий аяқталғаннан соң бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табатын болады.

Басты назардағы мәселенің бірі – көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың ахуалын қадағалау мен реттеу. Көрнекі ақпараттағы, барлық жарнамалық өнімдердегі тіл заңдылығына сәйкестендіру мақсатындағы жұмысты қолға алса дұрыс болар еді деп ойлаймыз.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
***газеттің арнаулы тілшісі***

# СРОКИ ЛЕГАЛИЗАЦИИ ИМУЩЕСТВА ПРОДЛЕНЫ В КАЗАХСТАНЕ ДО 31.12.2016 ГОДА

**Согласно закону РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам амнистии граждан Республики Казахстан, оралманов и лиц, имеющих вид на жительство в Республике Казахстан, в связи с легализацией ими имущества» сроки легализации имущества продлены в Казахстане до 31 декабря 2016 года.**

Закон направлен на продление срока легализации, совершенствование и стимулирование процедуры легализации.

Согласно внесенным изменениям оставлена только легализация недвижимого имущества, находящегося на территории Казахстана и права на которое не оформлены. В части остального имущества на территории республики легализация будет проводиться через декларирование в органах государственных доходов без уплаты сбора.

Что касается имущества за пределами страны, легализация будет проводиться также через подачу деклараций в органы государственных доходов с уплатой сбора в размере 10%. При этом стоимость имущества определяется лицом самостоятельно.

**Струментова Н.М.,**
***руководитель отдела экономики и финансов города Приозерск***

## ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

**Қарағанды облысында жер мәселелері бойынша тәулік бойы жұмыс істейтін облыстық Call-орталық жұмыс атқарады. Облыс азаматтары мына телефон номерлеріне: (7212) 56-89-59, 56-88-90 сұрақтарын қоя алады.**

## ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

**В Карагандинской области действует областной круглосуточный Call-центр по земельным вопросам. Граждане области могут задавать свои вопросы, по телефонам: (7212) 56-89-59 и 56-88-90.**

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «НЕКЕ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ) ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ» КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС НЕКЕ ҚИЮДЫ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ БОЛУДЫ) МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Тіркеуші органдар неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы бірлескен жазбаша өтініштің негізінде жүргізеді.

Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың тілегі бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген тіркеуші органда жүргізіледі.

Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш тіркеуші органға некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркегенге дейін бір ай бұрын беріледі.

Некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеуді некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы бірлескен өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң тіркеуші орган жүргізеді.

Мерзімнің өтуі өтініш берілгеннен кейінгі келесі күннен басталады және келесі айдың тиісті күні бітеді. Егер осы күн жұмыс күні болмаса, онда одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып есептеледі.

Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу уақытын тіркеуші орган некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірген адамдардың келісімі бойынша тағайындайды.

Некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың бірлескен өтініші бойынша тиісті құжаттармен расталған (дәрігерлік-біліктілік комиссиясының жүктілік туралы анықтамасы, денсаулық жағдайы туралы анықтама, басқа да ерекше мән-жайларды растайтын анықтамалар) дәлелді себептер (жүктілік, баланың туу, тараптардың бірінің өміріне тікелей қатер төнуі және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде тіркеуші органның бастығы неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша бір ай өткенге дейін некені қиюға (ерлі-зайыпты болуға) рұқсат етеді не бұл мерзімді ұзартады, бірақ ол бір айдан аспауға тиіс.

Мерзімді қысқарту уақыты әрбір жеке жағдайда нақты мән-жайларға байланысты айқындалады.

Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш беру кезінде:

1)Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе шетелде уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігін не паспортын; шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы - оның шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы ретінде есепке алынғаны туралы шетелдегі консулдық мекеменің белгісі бар Қазақстан Республикасы азаматының паспортын ұсынады; Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтиярхатын ұсынады. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік Қазақстан Республикасының ішкі істер органы берген Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат ететін құжатын ұсынады; Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының белгісі бар азаматтығы жоқ адамның куәлігін ұсынады. Қазақстан Республикасында уақытша болатын азаматтығы жоқ адам оның жеке басын куәландыратын, өзі тұратын елдің құзыретті органдары берген және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген құжатын ұсынады.

Басқа мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын шетелдік, азаматтығы жоқ адам жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынумен қатар олардың мәтінінің нотариатта куәландырылған қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасын беруге тиіс.

Егер некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдар (адамдардың біреуі) ауыр науқастануы салдарынан немесе басқа да дәлелді себеп бойынша тіркеуші органға келе алмайтын жағдайда, неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу оның үйінде, медициналық немесе өзге де ұйымда некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қатысуымен жүргізіледі.

Тіркеуші органның лауазымды адамы:

1)некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдіргені туралы берілген өтініштерді жария етеді;

2)некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдарға болашақ жұбайлардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

3)некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) келісімді және жұбайлардың таңдаған тегі туралы шешімді анықтайды;

4)неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) кедергінің жоқ екендігін анықтайды;

5)мемлекет атынан неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы белгіленген үлгідегі куәлікті тапсырады.

4.Неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі болмаған кезде азаматтық хал актілерін жазу кітабына некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қолы қойылған және тіркеуші орган бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрімен бекітілген неке (ерлі-зайыптылық) туралы жазба енгізіледі.

5.Егер неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі келтіретін мән-жайлардың бар екенін растайтын айғақтары болса, тіркеуші орган неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

6.Тіркеуші органның неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуден бас тартуына сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) салтанатты жағдайда мемлекеттік тіркеу некеге отыратындардың (ерлі-зайыпты болатындардың) тілегі бойынша тіркеуші органдардың арнайы жабдықталынған үй-жайларында не арнайы осыған арналған мемлекеттік неке сарайларында жүргізіледі.

**Б.Малаева,**
***Приозерск қаласы әкімі аппаратының АХАТ қызметінің басшысы***

# ИНФОРМАЦИЯ ПО ОКАЗАНИЮ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ ЛИЦАМ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан», от 11 июля 2002 года «О социальной и медико-педагогической коррек-ционной поддержке детей с ограниченными возможностями», от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», с Правилами оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск, утвержденными решением Приозерского городского маслихата от 25.06.2014 года №34/238, отделом занятости и социальных программ продолжается работа по оказанию государственной поддержки лицам с ограниченными возможностями.

Решением XXXIV сессии Приозерского городского маслихата Карагандинской области от 25 июня 2014 года № 34/239. (Зарегистрировано Департаментом юстиции Карагандинской области 11 июля 2014 года № 2680), при отсутствии возможности обучаться в общеобразовательных школах дети-инвалиды по заключению медико-педагогической консультации, воспитание и обучение получают на дому. Возмещение затрат производится на 1 ребенка за счет средств местного бюджета 4 МРП в квартал.

Согласно индивидуальной программе реабилитации инвалидам предоставляются протезно-ортопедические средства, сурдотифлосредства, обязательные гигиенические средства, услуги индивидуального помощника, санаторно-курортное лечение и средства специального передвижения.

По решению местных представительных органов предоставляется помощь в денежной или натуральной форме отдельным категориям нуждающихся граждан в случае наступления трудной жизненной ситуации, а также к памятным датам и праздничным дням.

В ходе проведения благотворительных акций оказывается натуральная и материальная помощь инвалидам, в том числе детям инвалидам, из различных источников. В праздничные дни (День защиты детей, День инвалидов) из местного бюджета оказывается материальная помощь.

Кроме того, Ассоциацией предпринимателей ежегодно организовываются благотворительные обеды с развлекательной программой и с вручением подарков детям-инвалидам.

Ежегодно Программой занятости населения предусматривается трудоустройство людей из числа целевых групп, в т. ч. инвалидов. Кроме того, обеспечивается временная занятость инвалидов путем участия их на общественных работах.

Установлена квота рабочих мест для инвалидов в размере трех процентов от общей численности рабочих мест и созданы социальные рабочие места.

**К.Мынбаева,**
***Специалист по социальной работе Отдела занятости и соцпрограмм***

*Қоғамға төнген қасірет*

# БІЗДІҢ ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

**Тәуелсіз еліміздің экономикасының дамуына кедергі келтіретін, қоғам дертіне айналған мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық.Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатып отыр.**

Сыбайлас жемқорлық ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан да онымен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесе күресу баршамыз үшін маңызды іс.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жояты, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіпқатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады Осыған байланысты ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленген. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықты болдырмау үнемі назарда ұсталып келеді. Аталған бағытта атқарылып жатқан шаралардың басты мақсаты – мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттары қызметін үйлестірудің тиімділігін арттыру жолымен қоғам өмірінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Сыбайлас жемқорлық – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру - аса маңызды міндет екендігін атап көрсеткен болатын. Бұл сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды қыры. Елбасының бүгінгі таңда алға қойып отырған міндеті мен талабы да осы. Олай болса қоғам, оның әрбір мүшесі болып жемқорлықпен күрес жүргізуіміз қажет.

**Е.Н.Бекмурзин,**
***ҚР АШМ АӨК МИКПриозерск қалалық аумақтық инспекциясы басшысы***

*Актуально*

# КОМИССИЯ ПО ЗЕМЕЛЬНОЙ РЕФОРМЕ ПРОВЕДЕТ ВЫЕЗДНЫЕ ЗАСЕДАНИЯ В РЕГИОНАХ

**Выездные заседания Комиссии по земельной реформе пройдут на следующей неделе в Акмолинской области. Об этом сообщил первый вице-премьер РК Бахытжан Сагинтаев в ходе третьего заседания специальной комиссии по земельной реформе, передает корреспондент Zakon.kz.**



«Мы уже обсудили здесь все, что планировали обсудить. После сегодняшнего обсуждения можно будет выезжать, чтобы обсудить все вопросы с населением, услышать мнения людей и собрать их предложения, а потом их систематизировать. Поэтому, если вы не против, следующие заседания предлагаю провести в регионах. Это не значит, что будет выездное заседание в полном составе 75 человек. Мы можем разделиться на группы и выезжать в разные регионы», - предложил Б.Сагинтаев. По словам вице-премьера, одну из групп он возглавит сам.

«Необходимо составить график, и возможно, удастся в июне провести выездные заседания в 4-5 областях. После этого нужно собраться в Астане, посовещаться и продолжить выезды в регионы. В августе можно будет приступить к подведению итогов, и внести свои предложения, выработанные с учетом мнения граждан» - сказал он.

Вице-премьер предложил начать с северных областей - провести выездные заседания группами, затем встречу с членами общественных советов.

**источник:www.zakon.kz**

## 31-МАМЫР – ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

# ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Оқырман, мамыр айының соңғы күнінде өз отбасыңыздың тарихын есіңізге түсіріңіз. Онда әділетсіздік пен қуғындаудан жапа шеккендер бар болуы сөзсіз. Өйткені 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Қазақ елінде бұл зұлматтың жалыны шарпымаған отбасы жоқ та шығар?.. 1997-жылы ҚР Президентінің Жарлығы бойынша 31-мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды, ал, ҚР үкіметіне жыл сайын 31-мамырда саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған іс-шаралар әзірлеп өткізу тапсырылған. Он тоғыз жыл бойы қазақ жұрты осы күнді ерекше құрметпен атап өтіп келеді. Елімізде қуғын-сүргін құрбандарына арналған күн белгіленіп қана қоймай, түрлі жобалар жүргізілуде. Мәселен, тәуелсіздік жылдары 146,5 мың күнәсіз жазғырылған отандасымыздың аттары жазылған 14 «Аза кітабы» жарыққа шықты. Заңнамаға сәйкес, 340 мыңнан астам заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар ақталды. Ұлты мен діні, тілі мен діліне қарамастан, мыңдаған адамдар, тоталитарлық жүйенің диірменіне түсіп, өзгеше ойлағаны үшін күнәсіз сотталып, туған жерлерінен аяусыз айдалып, түрмелерде жазықсыз көз жұмды. Бүгінгі жас ұрпақ үшін, азат, тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы үшін оларды еске алу және есте сақтау қасиетті парыз.

Менің туған жерімде, ата-анам тұрған ауыл Өтемұрат деп аталатын. Бұл өз дәуірінде, өзінің адал еңбегімен мал жинап, ерен байыған Өтемұрат деген атамыздың атына қойылған мекен. Байлығының асқандығы соншалықты, ауылында үлкен ас бергенде суы ащы құдықтың суын тұшыту үшін 40 нарға теңдетіп науат алдырып, құдыққа салдырыпты деген аңыз бар ел арасында. Сол Өтемұрат атамыз да кәмпескеге ілініп, итжеккенге аударылып кеткенін Өтемұрат байдың немере келіні Үкіш әжемізден естіген едім бала кезімде. Мыңғыртып мал айдып, айналасындағыларды жұмыспен қамтыған атамыздан қалған жалғыз тұяқ – немересі Қайырбек Әжібекұлы да атасындай еңбекқор, кісіге артық сөзі жоқ, өз шаруасына мығым, пысық кісі еді. Сол зұлматта қазақтың қаншама білімді, оқымысты, ұлтжанды азаматтары қынадай қырылып кеткенін ұмытуға бола ма?

Олар және олардың ұрпағы аман болғанда, бәлкім, қазақ қоғамындағы зиялылық пен ұлтжандылық ұғымдарының мазмұны қазіргіден ерек болар ме еді?! Олар деп отырғанымыз сол 19-ғасырдың соңы мен 20-ның басында сөз ұстаған, жол бастаған білімді азаматтар. Олар деп отырғанымыз сол қылышынан қан тамған жылдарда «қазақ» сөзін қаймықпай айта алған ерлер. Олар деп отырғанымыз салты мен санасына, дәстүрі мен ғұрпына берік отбасылар. Олар деп отырғанымыз – қазақтың қанында ғана бар ұлылықты, дархандықты, даралықты сол заманға жеткізген қазыналы буын еді. Қалай десек те, сол кезде саясаттың қанды қолынан қаза болғандардың арасында осалы жоқ еді... Ия, осалы жоқ болатын. Ай мен күннің аманында жарты ғасырдан астам уақыт бойына қасақана қырғын көрген қазақ саны мен сапасын жоғалтқан еді... Айта кетейік, деректерде 1927-53-жылдары Қазақстан бойынша 125 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырағаны айтылған. Олардың 25 мыңы атылды. Ал, бірінші ашаршылық 1921-22 жылы 1 миллионнан астам халықты жалмаса, екінші ашаршылықта 2 миллион үш жүз мың адам қырылды. Осы қос қырғын сол кездегі қазақтың жартысынан астамына опат әкелген болатын.

Қазақстандағы тұңғыш репрессия 1928-жылдан басталды. Өйткені 1925-ж. Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы болып келген Ф.И.Голощекин республиканың саяси-экономикалық және әлеуеттік жағдайымен танысқаннан кейін «Қазақстанға Ұлы Қазан революциясының ешқандай ықпалы болмады, сондықтан мұнда «Кіші Қазан» революциясын жасау керек» деген теріс қорытындыға келіп, республикада репрессиялык шаралар жүргізе бастайды. Ол ең алдымен ескі зиялыларға ауыз салады. Солардын ішінде қазақстандық Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков т.б. болды.

